2024 жылғы ТМК дамуы

2024 жылы қорытындысы бойынша ТМК саласында өндірілген өнім көлемі **14 312 млрд теңгені** құрады (металл кенін өндіру – 4 480 млрд теңге, металлургия өндірісі – 9 832 млрд теңге), бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 19,6%-ға жоғары (11 964 млрд теңге) және өсім металл кенін өндіру көлемінің 107,7%-ға, металлургия өндірісінің 106,9%-ға артуы есебінен қамтамасыз етілді.

Металл кенін өндіру саласындағы өсім темір кенін өндірудің 14%-ға (114,0%) және темірден басқа кен түрлерін өндірудің 6,1%-ға (106,1%) артуымен байланысты.

Металлургия өндірісіндегі өсім қара металлургиядағы (110,7%) және түсті металлургиядағы (105,6%) көрсеткіштердің артуы есебінен қамтамасыз етілді.

Қара металлургия өндірісінің өсуіне басты себеп – қайта өңделетін шойын (115,6%), ферросплавтар (112,9%), жалпақ прокат (118,2%) және басқа да өнім түрлерінің өндірісі көлемінің артуы.

Түсті металлургиядағы өндіріс көлемінің артуы тазартылған мыс (111,6%), өңделмеген алюминий (101,4%), тазартылған қорғасын (114,4%) және өңделмеген мырыш (106,0%) өндірісінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда ТМК негізгі капиталына салынған **инвестициялар көлемі 1,7 трлн теңгені** құрап, 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **20%-ға** артты. Оның ішінде металл кенін өндіруге **942,2 млрд теңге** (2023 жылмен салыстырғанда –1,1%), ал металлургия өндірісіне **750,5 млрд теңге** (2023 жылмен салыстырғанда +35,4%) бағытталды.

Өңірлер бойынша қарағанда, металлургия саласының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі ең көп артқан аймақтар **Қарағанды облысы (+4,2 есе), Қостанай облысы (+2,8 есе), Шымкент (+8,4 есе), Батыс Қазақстан облысы (+3,9 есе), Жетісу облысы (+5 есе)** және басқа өңірлер.

2024 жылдың 12 айында отандық металлургия өндірісінің үлесі 0,1 пайыздық тармаққа төмендеп, 56,4%-ды құрады. 2024 жылы металлургия өнеркәсібі тауарлары нарығының көлемі **$8 666 млн** (4 068 млрд теңге) болды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,4%-ға жоғары.

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда металлургия өнімінің экспорты ақшалай мәнде 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **18,2%-ға өсіп**, \$16,5 млрд болды. Металлургия өнімін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (36,5%), Ресей (23,7%), Түркия (8,8%) және АҚШ (4,7%).

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда металлургия өндірісінің ең жоғары үлесі Қарағанды облысында (21,0%), Шығыс Қазақстан облысында (17,1%) және Павлодар облысында (13,3%).